

Аймақтарды аралап, ел мен жердің тыныс-тіршілігімен танысып жүрген «Нұр Отан» ХДП Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек бұл жолы Батыс Қазақстан облысына ат басын бұрды.



© Р. ХАЛЕЛОВ

Маңызды экономикалық кешендер топтасқан, жыл сайын ірі-ірі өндіріс нысандарының тұсауы кесіліп, әлеуметтің әлеуетін көтеруге бағытталған жосымды жобалар жүзеге асатын Ақжайық өңірі – еліміз үшін әуелден-ақ айрықша аймақ. Облыста шарасы республикалық ауқымды қамтитын ондаған өндіріс ошақтары бар. Солардың бірі – отандық кеме жасау ісіндегі көшбасшы кәсіпорын саналатын «Зенит» зауыты. Өңірдегі сапарын зауыттың қызу-қарбалас тіршілігімен танысудан бастаған Бауыржан Байбек осынау қиын да күрделі кәсіптің иелерімен кездесіп, ашық-жарқын әңгіме құрды. Еңбек адамының ел дамуына қосып отырған сүбелі үлесін ерекше екіпін бере айтып, адал еңбек әрқашан жоғары бағаланатынын жеткізді. Өз кезегінде жұмыстың қауым «Нұр Отан» ХДП Төрағасының бірінші орынбасарына көкейкесті сауалдарын қоюға мүмкіндігін алып, бүгінге дейін ұжым болып қол

ЕҢБЕКТІҢ НАНЫ ТӘТТІ

жеткізген нәтижелері мен алдағы атқарымақ межелерді де санамалай кетті. Жиынға зауытта жұмыс істейтін озат еңбеккерлер әулеттері де қатысқан болатын. Бауыржан Баубек өз істеріне мұнта-шын тасымен берілген бұл отбасыларды назарынан тыс қалдырған жоқ. Елбасының «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламасында қадап көрсеткен міндеттерді айта келе «Нұр Отан» партиясының атынан әулет өкілдеріне алғыс хаттар табыстады.

– Еңбектің – наны тәтті. Қазір «алма піс, ауырма түс» дейтін заман емес. Тек еселі еңбекпен ғана табысқа жетуге болады. Бұл Елбасының мақаласында баса көрсетілген маңызды тапсырмалардың бірі. Өсіресе, кәсіптік-техникалық жоғары білікті мамандарды даярлау ісіне ерекше назар аударған жөн. Мемлекет Басшымыс айтқандай, бізге тек экономист, заңгерлер ғана емес, инженерлік кәсіптің тілін білетін мамандар да аса қажет, – деді өз сөзінде Бауыржан Байбек.